

**Орталық мемлекеттік органдар объектілерінің қосымша жүктемелерін қосу кезінде энергетикалық қуаттарды қайта құруға және ұлғайтуға қатысуға 2001 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 желтоқсан N 1739

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Z000131\_ Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қарашадағы Заңын орындау үшін және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1950 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 қарашадағы N 1493 P011493\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналар:

қоса беріліп отырған Орталық мемлекеттік органдар объектілерінің қосымша жүктемелерін қосу кезінде энергетикалық қуаттарды қайта құруға және ұлғайтуға қатысуға 2001 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану ережесі;

қоса беріліп отырған Орталық мемлекеттік органдар объектілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С Школьникке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 28 желтоқсандағы  
N 1739 қаулысымен  
бекітілген

Орталық мемлекеттік органдар объектілерінің қосымша жүктемелерін  
қосу кезінде энергетикалық қуаттарды қайта құруға және ұлғайтуға  
қатысуға 2001 жылға арналған республикалық бюджетте  
көзделген қаражатты пайдалану  
ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттің қаражаты есебінен энергиямен жабдықтайтын ұйымдардың энергия жүйесіне орталық мемлекеттік органдар объектілерінің қосымша жүктемелер қосу кезінде энергетикалық қуаттарды қайта құруға және ұлғайтуға қатысуға 2001 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану тәртібін реттейді.

2. Құжаттарды дайындау және ұсыну

2. Тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі - әкімші) болып табылатын энергиямен жабдықтау ұйымы Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталатын, энергиямен жабдықтайтын ұйымдардың энергия жүйесіне орталық мемлекеттік органдар объектілерінің қосымша жүктемелер қосу кезінде энергетикалық қуаттарды қайта құруға және ұлғайтуға қатысуға орталық мемлекеттік органдар бөлетін қаражат мөлшерінің есеп айырысуларын;

энергиямен жабдықтау ұйымының орталық мемлекеттік органдарға берген желілерге қосылуға арналған техникалық шарттарының көшірмелерін ұсынады.

3. Уәкілетті орган осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген құжаттар бойынша қорытынды ұсынады.

4. Энергиямен жабдықтау ұйымының жарғылық капиталындағы үлесті республикалық меншікке беру - әкімші, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - Комитет) және энергиямен жабдықтау ұйымы тараптар болып табылатын шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Энергиямен жабдықтау ұйымының, Комитетке энергиямен жабдықтау ұйымының акциясын, жүзеге асырылған қаржыландыру сомасына беру міндеті шарттың міндетті шарттары болып белгіленсін. Бұл ретте акцияның бағасы, акцияларды жазылу

бойынша таратқан жағдайда, оның бастапқы құнына тең болуы тиіс.

### 3. Есеп айырысуды жүргізу тәртібі

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен әкімшіге " Орталық мемлекеттік органдар объектілерінің қосымша жүктемелер қосу кезінде энергетикалық қуаттарды қайта құруға және ұлғайтуға қатысуы" республикалық бюджеттік бағдарламасын іске асыруға қаражат бөледі.

6. Әкімші энергиямен жабдықтаушы ұйым ұсынған есептердің және

объектілерді жылу-энергиямен жабдықтау көздеріне қосу туралы кесімнің дұрыстығы туралы уәкілетті органның қорытындысының негізінде ақшаны өзінің бюджеттік шотынан энергиямен жабдықтау ұйымының есептік шотына аударады.

<\*>

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.03.14. N 305  
қаулысымен.

P020305\_

### 4. Есеп және есептілік

7. Әкімшінің бухгалтерлік есебінде және есептілігінде қаражаттың бөлінуі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңнамасына сәйкес көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 28 желтоқсандағы  
N 1739 қаулысымен  
бекітілген

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға қосылғаны үшін қарызын өтеуі қажет  
орталық мемлекеттік органдар объектілерінің тізбесі

!Объектінің! Тех.шарттың !Жылу !Электр.!Жиыны ! Жүктемені  
! атауы ! күні және !жүкте.!лік. !Млн. ! растайтын  
! ! нөмірі !месі !жүкте. !теңге ! құжаттар  
! ! !Гкал/ !ме ! !  
! ! !сағ. !кВт ! !

---

1. ҚР Қаржы Жеңіс N1591/04-19 2,104 2200 474,14 28.02.00 ж.  
министрлігі даңғылын. 12.11.99ж. энергия сарап.  
дағы N1835/01-18 тау қорытынды.  
әкімшілік 15.12.99ж. сы. Есептеу  
корпус "Әдістемеге"  
сәйкес  
жүргізілді.

ҚР ішкі Манас N880/04-32 2,322 700 154,054 14.05.99ж.  
істер көшесін. 21.02.01ж. N533 энергия  
министрлігі дегі. N505/04-32 сараптау қоры.  
әкімшілік 02.03.01ж. тындысы.  
ғимараты Есептеу  
"Әдістемеге"  
сәйкес  
жүргізілді.

ҚР Ұлттық 125 - N1333/06 0,24 70 7,46 10.02.00ж.  
қауіпсіз. орамдағы 01.10.01ж. N1856 энергия  
дік Спорт - N5-13-1166 сараптау  
комитеті сауықтыру 01.10.01ж. қорытындысы.  
кешені Есептеу  
"Әдістемеге"  
сәйкес  
жүргізілді.

83 - N1997/04-32 1,034 190 38,746 14.12.00ж.  
орамдағы 02.10.01ж. N3142 энергия  
90 пәтерлі N5-22-1164 сараптау  
тұрғын үй 01.10.01ж. қорытындысы.  
Есептеу  
"Әдістемеге"  
сәйкес

жүргізілді.

133 - N1173/07 0,31 46 4,816 29.06.98ж.  
орамдағы 06.11.00ж. шартқа  
емхананы N5-14-509 N3 қосымша  
кеңейту 26.06.00ж.

ҚР Прези. Ресми N5-107-835 280 12,3 Есептеу  
дентінің адамдарға 02.11.98ж. "Әдістемеге"  
Іс арналған сәйкес  
Басқармасы қонақ үй жүргізілді.

"Самал" N1163/01-06 3000 308,484 Есептеу  
ш/а. 27.09.99ж. "Әдістемеге"  
сәйкес  
жүргізілді.

---

Жиыны

1000

---

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.